



Бекітемін
«Ал-Жерім» бөбекжай
Балабақшасының менгерушісі:
И.Хожамуратова

Ұйымдастырылған ашық қорытынды оқу іс-әрекет

«Жайлауға саяхат»

Өтілетін күні: 28. 04. 2021ж.



«Бәйтерек» ересек топ.
Тәрбиеші: Тажиева Г.О.

Білім саласы: «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық»

Білім бөлімі: Сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен таныстыру, Жаратылыстану, Мүсіндеу.

Тақырыбы: «Жайлауға саяхат»

Мақсаты: Балаларға жайлау туралы түсінік беру, әңгімелесу арқылы тілін, көркемдік талғамын арттыру, балаларды үй жануарларымен таныстыру, оларды ажырата білуге үйрете отырып, олардың пайдасы туралы түсінік беру.

Әдіс – тәсіл: түсіндіру, әңгімелесу, жұмбақ жасыру, көрсету, сұрақ-жауап.

Қолданылатын құрал: Киіз үй керегесі, жайлаудағы үй жануарларының үлгісі, ат- арба, көпір, үй жануарларынан алынған өнімдер.

Билингвальды компонент: юрта, мост.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиені қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	Шаттық шеңбері. Арайлап бүгін таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күнім Жадырайды даламыз. Қайырлы таң қонақтар!	бірлесе жасайды
Ұйымдастыру-ізденушілік	-Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Бүгін ауа райы қандай керемет. Сендердің де көңіл-күйлерің көтеріңкі ғой, солай ма балалар? Олай болса сендерді ата мен әженің ауылына жайлауға саяхатқа апарайын, қонаққа барамыз ба балалар? -Ол үшін мына ат- арбаға мініміз. Балалар, бұл ат- арбаны бұрынғы заманда техника жоқ кезде, яғни машина болмаған кезде біздің ата-бабаларымыз көлік ретінде пайдаланған. Яғни атқа, түйеге арба, шана жететін болған. Олай болса арбаға отырып, жайлауға барайық. «Қошаканым» әнін айтамыз. Балалар, біз енді осы жерден тоқтап, әрі қарай жаяу жүріп барайық. Ол үшін алдымыздағы кедергіден тепе- теңдікті сақтап, көпірден өтуіміз керек. -Балалар, қандай тамаша! Таза ауа,	-Көктем мезгілі. мұқият тыңдайды. -Иә. Қызығушылық танытады. Балалар бірлесе әнді айтады. Ұйымдасқан түрде көпірден өтеді.

	жайлауға да келдік. Ата мен әже қарсы алады. Балалар амандасады. Ата, әже мен балаларды саяхатқа алып келдім, жайлаумен, төрт түлік малмен таныстырмақ едім. -Балалар, қандай үй жануарларын білесіңдер? Қане, атап жіберейікші. -Балалар, қалай ойлайсыңдар, неліктен оларды үй жануарлары деп атаймыз? Төрт түлікпен таныстырып өтемін. Әже қосымша одан алынатын өнімдерді көрсетіп, таныстырып өтеді. -Мынау-түйе. Ол төрт түліктің төресі. Шұбаты-сусын, жүні-киім болады. Ол шөлге төзімді -Мынау- жылқы. Ол сезімтал, талғампаз. Сүті-қымыз, оның емдік қасиеті мол. Жүнінен арқан есеміз. -Мынау- сиыр. Ол да ірі қараға жатады. Сиырдың еті, сүті пайдалы. -Мынау- қой. Ол ұсақ малға жатады. Оның жүнінен киіз басамыз. Еті, сүті пайдалы. -Мынау- ешкі. Ол да уақ малға жатады. Оның еті, сүті, түбіті пайдалы. Ал сендер, осы үй жануарлары туралы тақпақ білесіңдер ме? Ата: Жарайсыңдар, балалар! Сендерге жинап қойған асықтарым бар еді, қане ойнаңдар. Сергіту сәті «Бес саусақ» Ендеше балалар келіндер әжеге құрт жасауға көмектесейік.	Қызыға тамашалайды. Сәлемдеседі -Түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі. -Олар адамдардың жанында өмір сүреді, өйткені адамдар оларды күтіп-баптап, жем-шөптерін дайындап береді. Олар адамға пайдалы. Балалар тақпақтарын айтады. Ойынды қызыға ойнайды. Саусақтарын санай отырып серігіп алады. Бір себет құрт жасайды. Сұрақтарға жауап береді.
Жетекші-жөндеуші	Ата, әжемен қоштасып, кедергіден өтіп, жолда ат-арбаға отырып, балабақшаға қайтамыз. Сабақты қорытындылау.	

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Жайлау сөзінің мағынасын біледі;

Қалыптасқан түсініктер: Үй жануарларының пайдасын түсінеді;

Орындаушылық қабілеті: Шартына қарай ойындарды ойнап, сұрақтарға жауап береді. Шығармашылық тапсырмаларды орындайды.